

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің,
«Nur Otan» фракциясының
депутаттарына**
(А. Бердалин, А. Үйсiмбаев,
Ф. Қаратаев, Қ. Абасов)

*2021 жылғы 30 қыркүйектегі
№ ДС-285 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің халықаралық талаптарға сәйкес фитосанитариялық және карантиндік қызметті жаңғыртудың кейбір мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Шегіртке зиянкестерінің «үйірлі» және «саяқ» түрлеріне қарсы фитосанитариялық өңдеулер жүргізуге қатысты

Фитосанитарлық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба (бұдан әрі – Ұлттық жоба) шеңберінде:

- фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу, оның ішінде мемлекеттік монополия нысанында республикалық деңгейде үйірлі және саяқ шегірткенің түрлеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды шоғырландыру арқылы реформалау, зиян тигізудің экономикалық шегінің (бұдан әрі – ЗЭШ) көрсеткіштерін, фитосанитарлық нормативтерді өзектендіру;

- фитосанитарлық қызметті материалдық-техникалық қамтамасыз етуді халықаралық стандарттар мен талаптарға дейін жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру көзделген.

Көрсетілген шаралар бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға, қорғау іс-шараларын уақтылы және сапалы жүргізуге, ауыл шаруашылығы өндірісі үшін шегірткелердің таралуын қауіпсіз деңгейде ұстап

тұруға, сондай-ақ фитосанитарлық қызметтің материалдық – техникалық базасын жоспарлы түрде нығайтуға мүмкіндік береді (материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған Ұлттық жобада 2023 жылғы - 1 548,4 млн.теңге, 2024 жылы - 663,6 млн.теңге көзделген).

Республикалық және жергілікті бюджет есебінен өңделетін зиянды организмдер тізбесін толықтыру бөлігінде «Күресу шаралары бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдер тізбесін және фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР АШМ-нің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 100 бұйрығына өзгерістер енгізуге қатысты

«Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның құзыретіне аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін әзірлеу және бекіту жатады.

Аса қауіпті зиянды организмдердің тізбесі Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-4/282 бұйрығымен бекітілген, оған үйірлі шегірткелер енгізілген.

Заңның 20-бабына сәйкес бюджет қаражаты есебінен саны ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткелерге (азиялық, мароккалық және итальяндық прус) қарсы күрес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органға «Өсімдіктер карантині туралы» Заңға ұқсас бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін объектілердің тізбесін жүргізу бойынша құзырет беру мәселесі пысықталуда.

Осы тізбеге (үйірлі шегірткелердің түрлерінен басқа) аса қауіпті организмдердің тізімінен объектілер енгізіледі және оларға қарсы олардың жаппай таралу қаупі туындаған кезде бюджет қаражаты есебінен шұғыл шаралар жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, уәкілетті мемлекеттік орган зиянды және аса қауіпті организмдердің күтпеген жерден жаппай таралуы кезінде шұғыл фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу қағидаларының жобасын және оларды қолданудың негізгі өлшем шарттарын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу жөніндегі функциялар тек қана мемлекеттік монополия құқығындағы «Фитосанитария» ШЖҚ РМК-ға жүктелетін болады.

Бұдан басқа, шекараларда фитосанитарлық бақылауды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде ЕАЭО елдерімен де жалғасуда.

Мәселен, Еуразиялық үкіметаралық кеңес ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің үкіметтерімен бірлесіп, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің карантиндік объектілерінің Бірыңғай тізбесінде жоқ жаңа зиянды организмдер пайда болғанда Одақ құқығында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің келісілген жедел ден қою тәртібін белгілеу туралы мәселені пысықтауда.

2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шартқа түзетулерді әзірлеу алгоритміне сәйкес «фитосанитарлық шаралар» бағыты бойынша жұмыс тобының жұмысы басталды.

Сондай-ақ, зертханалық сараптамалардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және жедел жүргізу мақсатында 2022-2024 жылдарға арналған бюджет шеңберінде полимеразды тізбекті реакция жүргізуге арналған ПТР-жабдықтардың 4 жиынтығын сатып алуға 180 млн.теңге көзделген, олар жеміс-көкөніс өнімдерінің үлкен жүк ағыны бар шекара маңындағы өңірлердің зертханаларында орналастырылатын болады.

Қазіргі уақытта ПТР-жабдықты Нұр-сұлтан, Алматы қалаларында және Түркістан облысында карантиндік зертханалар пайдаланады.

«Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар» ISO/IEC 17025-2019 МемСТ талаптарына сәйкес аккредиттеуге Нұр-Сұлтан қаласы бойынша орталық карантиндік зертхана және Алматы аймақтық карантиндік зертхана ие болған.

Алдағы уақытта Сарыағаш шекара өткеліндегі карантиндік зертханаларды, Ақтөбе аймақтық карантиндік зертханасын және Шығыс Қазақстан карантиндік зертханасын аккредиттеу жоспарлануда.

ГТО айналымын реттеу мәселелері бойынша

Бүгінгі таңда мемлекеттік органдар бұл мәселені пысықтап, Ауыл шаруашылығы министрлігіне өсімдік шаруашылығы өнімдерін Қазақстан Республикасына әкелу кезінде ГТО-ны бақылау мәселелерін бекіту туралы шешім қабылдады.

Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамаға тиісті түзетулер әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Жалпы фитосанитарлық қызметтердің жұмысын жетілдіру бойынша жоспарланған барлық іс-шаралар Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции «Nur Otan»
(А. Бердалин, А. Уисимбаев,
Ф. Каратаев, К. Абасов,)

На № ДС-285
от 30 сентября 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно модернизации фитосанитарной и карантинной службы в соответствии с международными требованиями, сообщаем следующее.

Касательно проведения фитосанитарных обработок против «стадных» и «нестадных» видов саранчовых вредителей

В целях повышения эффективности фитосанитарной службы в рамках Национального проекта по развитию агропромышленного комплекса на 2021-2025 годы (далее – Национальный проект) предусматривается реализация мероприятий, направленных на:

- реформирование системы проведения фитосанитарных мероприятий, в том числе в части сосредоточения мероприятий по борьбе со «стадной» и «нестадной» саранчой на республиканском уровне в форме государственной монополии, актуализацию показателей экономического порога вредоносности (далее – ЭПВ) и фитосанитарных нормативов;

- доведение материально-технического обеспечения фитосанитарной службы до международных стандартов и требований.

Указанные меры позволят повысить эффективность использования бюджетных средств, своевременно и качественно проводить защитные мероприятия, сдерживать распространение саранчовых на безопасном уровне

для сельскохозяйственного производства, а также планомерно укрепить материально-техническую базу фитосанитарной службы (Национальным проектом на материально-техническое обеспечение предусмотрено в 2023 г. – 1 548,4 млн. тг., в 2024 г. – 663,6 млн. тг.).

Касательно внесения изменений в приказ МСХ РК от 19 марта 2020 года №100 «Об утверждении Перечня вредных организмов, борьба с которыми осуществляется за счет бюджетных средств, и Правил проведения фитосанитарных мероприятий» в части дополнения Перечня вредных организмов, обрабатываемых за счет республиканского и местного бюджета

Согласно подпункту 5) статьи 6 Закона Республики Казахстан «О защите растений» (далее – Закон) к компетенции уполномоченного органа относится разработка и утверждение перечня особо опасных вредных организмов.

Перечень особо опасных вредных организмов утвержден приказом Министра сельского хозяйства от 30 марта 2015 года № 4-4/282 в который включены стадные саранчовые.

Согласно статьи 20 Закона за счет бюджетных средств осуществляется борьба только против стадных саранчовых (азиатская, мароккская и итальянский прус) с численностью выше ЭПВ.

В этой связи, прорабатывается вопрос по наделению уполномоченного органа в области защиты растений компетенцией по ведению перечня объектов, борьба с которыми будет проводиться за счет бюджетных средств по аналогии с Законом «О карантине растений».

В данный перечень будут включены объекты с перечня особо опасных организмов (кроме стадных саранчовых), в отношении которых будут проводиться экстренные меры за счет бюджетных средств при возникновении угрозы их массового распространения.

Вместе с тем уполномоченным государственным органом проводится работа по разработке проекта Правил проведения экстренных фитосанитарных мероприятий при непредвиденном массовом распространении вредных и особо опасных организмов и основные критерий их применения.

При этом функции по химической обработке против вышеуказанных вредных и особо опасных вредных организмов будет возлагаться исключительно на РГП на ПХВ «Фитосанитария» на правах государственной монополии.

Кроме того, мероприятия по совершенствованию фитосанитарного контроля на границах продолжаются, в том числе со странами ЕАЭС.

Так, Евразийским Межправительственным советом совместно с правительствами государств-членов ЕАЭС прорабатывается вопрос об установлении в праве Союза порядка согласованного оперативного реагирования государств – членов ЕАЭС на появление новых вредных организмов, отсутствующих в Едином перечне карантинных объектов ЕАЭС.

В соответствии с алгоритмом разработки поправок в Договор о ЕАЭС от 29 мая 2014 года, начата работа рабочей группы по направлению «Фитосанитарные меры».

Также в целях обеспечения доступности и ускоренного проведения лабораторных экспертиз, в рамках бюджета на 2022-2024 годы предусмотрено 180 млн. тенге на приобретение 4 комплектов ПЦР-оборудования для проведения полимеразной цепной реакции, которые будут размещены в лабораториях приграничных регионов с большим грузопотоком плодоовощной продукции.

В настоящее время ПЦР-оборудование используются карантинными лабораториями в городах Нур-Султан, Алматы и Туркестанской области.

Аккредитацию на соответствие требованиям ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 «Общие требования к компетентности испытательных и калибровочных лабораторий» имеют Центральная карантинная лаборатория по городу Нур-Султан и Алматинская зональная карантинная лаборатория.

В дальнейшем планируется аккредитовать карантинные лаборатории на пограничном переходе Сарыагаш, Актюбинскую зональную карантинную лабораторию и Восточно-Казахстанскую карантинную лабораторию.

По вопросам регулирования оборота ГМО

На сегодняшний день государственными органами данный вопрос проработан и принято решение о закреплении за Министерством сельского хозяйства вопросов контроля за ГМО при ввозе растениеводческой продукции в Республику Казахстан.

Министерством сельского хозяйства ведется работа по разработке соответствующих поправок в законодательство.

В целом все запланированные мероприятия по совершенствованию деятельности фитосанитарных служб находятся на постоянном контроле Правительства.

Р. Скляр